

**МИССУРИ ШТАТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТТЕ  
ӨТКЕН ТАҒЫЛЫМДАМА  
(07 - 19.11.2016 ж.)**



Миссури Штатының Университеті Спрингфилд қаласында, ал қала штаттың оңтүстік-батысында орналасқан. Университет 1906 жылы педагогикалық колледж ретінде пайда болып, тек 1972 жылы ғана университет мәртебесін алған.

Тағылымдама барысында біз университет құрылымын, оқу бағдарламаларын, силлабустарды, оқыту әдістемелерін зерттедік. Университет профессорлары өздерінің ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша дәрістер дайындаған.

Университетте биология магистрлерін оқыту 2 нұсқа бойынша жүргізіледі: дәстүрлі және жеделдетілген магистратура. Дәстүрлі магистратурада оқу мерзімі 2 жыл және жеделдетілген магистратурада – 1,5 жыл. Биологияда зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары: жануарлар мінез-құлықтары, су биологиясы, жасушалық биология, иммунология, микробиология, физиология, систематика, жабайы табиғатты қорғау. Әрбір талапкердің оқу бағдарламасы қабылдау комитеті мен болашақ студенттің келісуі арқылы қалыптастырылып, 32 кредиттен кем емес болуы шарт. Талапкердің биология саласындағы мамандыққа түсу үшін GRE минималдық баллы 3,25 болуы керек.

Бакалаврлар мен магистранттарды дайындау үшін университет 6 фермаға ие. Бұнда олар тәжірибеден өтіп, зерттеу жұмыстарына керек мәліметтер жинайды. Ферманың негізгі айналысатын бағыты - жылдық жайылым жүйесі болатын етті ірі қара шаруашылығы. Бұл өңірдегі негізгі өсіретін тұқымдар – герефорд, абердин-ангусс және олардың будандары.

Малдарға берілетін азықтардың ішінде тек ірі азықтар мен құнарлы жем дайындайды. Ірі азықтарды дайындау жүйесі – полиэтилендік құбырларды қолдану. Бұл әдіс кезінде ауаның кіруі, шөптің қызуы болмайды, осылайша, шауып алынған шөп балғын болып қалады.



Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары жүзім шаруашылығы мен жылыжайлық өсімдік шаруашылығы болып табылады.



Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін университетте арнайы мамандандырылған лабораториялар, университет қарамағындағы 6 ферма жұмыс істейді. Бұнда ғалымдар мен студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады.

Ауылшаруашылығы мектебіндегі профессор-оқытушы құрамы ҒЗЖ – ды өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығында келесі бағыттар бойынша жүргізуде

---

Өсімдік шаруашылығы саласында:

1. Жүзім шаруашылығы мен шарапшылық (Chin-FengHwangPh.D).




Университетте ғылыми зерттеулерге арналған жүзім алқабы, жүзімді өңдеу зауыты, жүзім сапасын бағалау зертханасы бар.

## 2. Мал азығы өндірісі (Michael E. Klem, Jr)



Мал азығы өндірісінің негізгі бағыттары – бұл өсімдіктердің аурулары мен олардың негізгі мал азығы дақылдарының өнімділігіне ықпалын зерттеу;

## 3. АҚШ-ң етті ірі қара шаруашылығы, ірі қара малды бордақылау (Phillip Lancaster; Ph.D)



Бұл университетте ауыл шаруашылығы бағытында тек 3 профессор ғана Ph.D. докторларын дайындауды жүргізе алады.

---

Университетте профессорларҒЗЖ-ды жүргізуге арналған зерттеу зертханаларын ұйымдастырған.

Көптеген зерттеулер іргелі болып саналып, ДНҚ бөліну мен генотиптендірумен бірге жүзеге асырылады.

Бұл зерттеулерді қаржыландыру мемлекеттік бағдарламалар бойынша өткізеді. Қаржыландырудың негізгі бөлігі зертхананың ұйымдастырылуына

кеткен шығындар мен зерттеулерді жүргізушілердің еңбекақысына кеткен қаражатты құрайды. Зерттеулермен айналысуға магистранттар мен бейінді бағыт бойынша оқитын магистранттар жұмысқа тартылады. Ғылыми жобалармен айналысатын магистранттар өз ғылыми зерттеулерінің қорытындыларын апталық семинарларда қорғайды. Бұнған оқытушылар, басқа бағыттарда білім алатын магистранттар мен бакалаврлар қатыса алады.

---